

2020 оқу жылында жинақталған құжаттарды қайта қарап, талапқа сай анықталған жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасыларының санын анықтап, әр отбасыға жеке тоқталып өтті. Әлеуметтік жағдайына қарай аталған отбасы балаларына – 163 бағдарламалық ерекшелігі бойынша Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорынан қаржылай көмек қарастыруды сөз етті. Барлық кеңеске қатысушылар, қамқоршылық кеңес мүшелері мектеп бойынша көмек алатын оқушылардың тізімін бір ауыздан қолдады. (1 – қосымша отбасы тізімі тіркелді)

Қаулы:

1. «Мектепке жол» акциясының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкорісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысын басшылыққа ала отырып тізімде бекітілген отбасы балаларына өтініш негізінде қаржылай материалдық көмек көрсетіле отырып, одан әрі жоспарға сай жүйелі жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Н.Бағитова

Жиналыс хатшысы:  Шайқы Е.М.

№ 33 Қ.Қайсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп бойынша
«Қамқоршылық кеңесі» отырысының хаттамасы
№1 хаттама

Өткізілген күні: 24.08.2020 ж

Қатысқандар:

Мектеп директоры: Ж.С.Бапаева

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Е.М.Шайқы

Әлеуметтік педагог – К.Р.Үктібаева

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: 9 адам, қатысқаны-5, ата –аналар ұйымының төрайымы-Багитова Н.

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Е.М.Шайқы сөз алды: «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды.

"Балалардың қуанышы – қуаныштардың төресі" демекші біздің №33 Қасым Қайсенов атындағы орта мектеп дәстүрлі түрде өткізілетін «МЕКТЕПKE ЖОЛ» жалпы республикалық қайырымдылық акциясына белсене қатысуда. Алдын ала құрылған жоспарға сәйкес , акцияға қайырымды жандарды тарту арқылы жүзеге асырудамыз.

«Адамға қымбат нәрсе - жұрт қамы, жұрт ісі» деп А.Байтұрсынұлы айтқандай аталмыш қайырымдылық акциясына атсалысқан демеушілеріміз жеке кәсіпкер Светлана Ли және Бектибаева Нұрия мүмкіндігі шектеулі үйден оқитын оқушымыз Мохначев Амирге арба мен сабақ оқуға арналған тактайша және жасанды дем алуға арналған "ингаляциялық" аппаратты сыйға тартты. Қайырымды істің қашанда қасынан табылатын «Атырау мұнай өңдеу зауыты» мекемесі , ата-ана Сапарова Рая Мақсатқызы және мектеп ұжымы үйден оқитын , көп балалы отбасылардың оқушыларына кеңсе тауарлары мен тәттілер таратты.

Акцияның басты идеологиясы аз қамтылған және көп балалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін көмек көрсету болып табылады.

Еліміздің барлық азаматтарын, кәсіпкерлерді, меценаттарды акцияға қосылуға және қиын жағдайға тап болған балаларға, отбасыларға көмек көрсетуге, сондай-ақ мектепке өз жолын табуға қол үшін беруге шақырамыз.

Аталмыш акция аясында атсалысқан барша қайырымды жандарға ата-аналар мен мектеп әкімшілігі атынан алғыс айтамыз.

2. Материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпанындағы №255 қаулысына қосымша,Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтарындағы №64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай - ақ, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын жан басына шаққандағы табысы, ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларымен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға ата –анасының қамқорлығынсыз қалған отбасыларда тұратын балаларға төтенше жағдайлардың салдарының шұғыл жәрдемді, талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық, көмек көрсетуге, бөлінетін, қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағытымен оларды есепке алу қағидалары»

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы – Багитова Назгуль, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22 ақпандағы №255 қаулысына қосымша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын басшылыққа алып, № 33 Қ.Қайсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп бойынша « Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру барысында 2019 –

**№ 33 Қ.Қайсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп бойынша
«Қамқоршылық кеңесі» кезекті отырысының
№ 2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 10.11.2020 ж

Қатысқандар:

Мектеп директоры: Ж.С.Бапаева

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Е.М.Шайқы

Әлеуметтік педагог: Г.К.Унайбаева

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. 2020 – 2021 оқу жылында Президенттік шыршаға әлеуметтік санатына қарай оқушыны қатыстыру туралы.

Тыңдалды: Тәрбие ісі орынбасары – Е.М.Шайқы.

Атырау облысы білім беру басқармасының 2020 жылы 6 қарашадағы № 15 – 4 – 10/2578 санды хаты, қалалық білім бөлімінің 9 қарашадағы № 03-04-01 – 12/2456 санды хаты бойынша Президенттік шыршаға оқушы қатыстыру жөніндегі кезекті отырысымыз.

Осы хатты басшылыққа ала отырып, мектеп бойынша хатта көрсетілген ерекше білімді қажет ететін, көп балалы, аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылар арасында 9-13 жас аралығындағы балардың ішінен бір оқушыны ұсынуымыз қажет.

Әлеуметтік педагог – Г.К.Унайбаева

Жалпы мектеп бойынша «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес әлеуметтік жағдайына байланысты көмек алып отырған оқушылар бар. Осы оқушылар арасынан биылғы жылғы Президенттік шыршаға 1 оқушыны қатыстыру үшін оқушылар тізімін ұсынып, әлеуметтік жағдайына байланысты әр отбасы балалары туралы мәлімет берді.

Отырысқа қатысқан мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесі, комиссия мүшесі, өз ой пікірлерін бөлісіп, әлеуметтік санаты, жасына қарай 7 «ә» сынып оқушысы Оразбай Иманбекті ұсынды. Бұл оқушы көп балалы отбасынан шыққан. Отбасындағы бала саны – 7. «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес құжаттары жинақталған.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаулы:

1. 7 «ә» сынып оқушысы Оразбай Иманбек Президенттік шыршаға қатыстырылсын.
2. Оқушының құжаттарын дайындап, қалалық білім бөліміне сұраныс беру әлеуметтік педагог Г.К.Унайбаеваға міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы:  Е.М.Шайқы

Хатшы:  Г.К.Унайбаева

ылдап , 20 оқушының тізімін жасақтады. Осы аталған оқушылардың тізімін қалалық білім бөліміне тәтті сыйлықтармен қамтамасыз етуге байланысты сұраныс жолдауды ұйғарды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаулы:

1. Қалалық білім беру бөлімінің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы №03-04-01-12/2650 санды хатына сәйкес 4 үздік, 5 ерекше білімді қажет ететін, 11 әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына тәтті сыйлықтарды беру ұйымдастырылсын.
2. Аталған оқушылардың тізімін қалалық білім бөліміне жолдау әлеуметтік педагог Г.К.Унайбаеваға міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы  Н.Багитова

Хатшы:



Г.К.Унайбаева

**№ 33 Қ.Қайсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп бойынша
«Қамқоршылық кеңесі» кезекті отырысының**

№3 хаттамасы

Өткізілген күні: 07.12.2020 ж

Қатысқандар:

Мектеп директоры: Ж.С.Бапаева

Оқу ісінің меңгерушісі: Қ.Т.Туманшьева

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Е.М.Шайқы

Әлеуметтік педагог: Г.К.Унайбаева

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы– Н.Бағитова

Қамқоршылық кеңес мүшелері

- М.Тусибалиева
- М.Төлешов
- Г.Адаева
- Р.Сапарова
- Ш.Бисалиева
- А.Бағитов
- Н.Исалиева
- М.Зинелгабитов

Күн тәртібінде:

1. Қалалық білім беру бөлімінің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы №03-04-01-12/2650 санды хаттына сәйкес үздік, ерекше білімді қажет ететін, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына тәтті сыйлықтарды ұйымдастыру туралы

Тыңдалды: Тәрбие ісі орынбасары – Е.М.Шайқы.

Қалалық білім беру бөлімінің 2020 жылы 2 желтоқсандағы № 03-04-01-12/2650 санды хаты бойынша үздік, ерекше білімді қажет ететін, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына тәтті сыйлықтарды ұйымдастыру туралы хаттын басшылыққа ала отырып, мектеп бойынша оқушылардың тізімін әлеуметтік санатына қарай анықтап, 20 оқушыға сұраныс жолдауымыз қажет.

Әлеуметтік педагог – Г.К.Унайбаева

Жалпы мектеп бойынша «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес әлеуметтік жағдайына байланысты көмек алып отырған оқушылар, сонымен қатар ерекше білімді қажет ететін оқушыларымыз бар. Осы оқушылар арасынан 11 әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушылар, 5 ерекше білімді қажет ететін оқушыларға тәтті сыйлықтады ұйымдастыру үшін тізімін ұсынып, әлеуметтік жағдайына байланысты әр отбасыға жеке-жеке тоқталып мәлімет берді.

Оқу ісінің меңгерушісі – Қ.Т.Туманшьева

Жалпы мектебіміз бойынша 93 оқу озаты бар. Осы үздік оқушылардың ішінен 4 оқушыны ұсынғалы отырмын. Атап айтсақ 10 б сыныбынан Мейрамбайқызы Гүлханым, 9 б сыныбынан Сандибекова Дильназ, 6 а сыныбынан Тілеукабыл Нұрай, 5 б сыныбынан Қожабалуан Мадияр. Бұл оқушылардың барлығы оқу озаты және де қалалық, облыстық байқаулардың жүлдегерлері.

Талқыланды:

Отырысқа қатысқан мектеп әкімшілігі, комиссия мүшесі, өз ой пікірлерімен бөлісіп, ұсынылған оқушылардың әлеуметтік санатымен танысып, барлығы бірдей бір ауыздан шешім

Отбасы саны – 5, оның ішінде бала саны – 8

Көп балалы отбасы:

Отбасы саны: 253, оның ішінде бала саны – 389

Атаулы әлеуметтік көмек (АСП) алып отырған отбасы саны – 4

Осы санаттағы отбасылардың ішінен сынып жетешілермен бірлесе отырып әлеуметтік жағдайына қарай ата-ана өтініші негізінде әр сынып бойынша тізім жасақталады.

Сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы - Н.Бағитова

-Қашықтан білім беру жағдайына байланысты оқушыларды компьютерлік құрылғылармен қамтып жатқаны үшін мектеп әкімшілігі мен қалалық білім бөліміне зор алғысымызды айтамыз. Ұйымдастырылып жатқан шараларыңыз оңынан болсын.

Қаулы етеді: 1. Қашықтан білім беру кезінде оқу процесін ұйымдастыру үшін ата-ана өтініші негізінде мектеп баланысындағы компьютерлік техникалық құрылғылар тексеріліп, екі жақты келсім шарт негізінде үлестірілсін.

2. Оқу жылы соңында компьютерлік техникалық құрылғыларды тексеріп, қабылдап алу мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары Г.Адаеваға, мектеп программисті М.Қуатовқа жүктелсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



Н.Бағитова

Е.М.Шайқы

**№ 33 Қ.Қайсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп бойынша
Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысының
№ 4 хаттамасы**

Өткізілген күні: 5.01.2021 ж

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Н.Багитова

Қамқоршылық кеңес мүшелері

- М.Тусибалиева
 - М.Төлешов
 - Г.Адаева
 - Р.Сапарова
 - Ш.Бисалиева
 - А.Багитов
 - Н.Исалиева
 - М.Зинелгабитов
 - Мектептің оқу ісі жөніндегі менгерушісі Туманшиева К.Т.
- Кеңес хатшысы Шайқы Е.М.

Күн тәртібінде:

1. Қалалық білім беру бөлімінен ұсынылған 105 дана компьютерді (нетбук) қашықтықтан білім беру кезінде оқу процесін ұйымдастыру үшін әлеуметтік жағдайына қарай ата-ана өтініші негізінде үлестіріп беру туралы.

Тыңдалды: Туманшиева К.Т оқу ісі менгерушісі:

Пандемиялық кезеңінде білім беру ұйымдарында, COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейте отырып, қашықтықтан білім беру кезінде оқу процесін ұйымдастыру үшін, қалалық білім бөлімінен ұсынылған 105 дана (нетбук) компьютерлік техникаларды ата-аналарға ұсыну үшін ең алдымен төмендегідей құрамда комиссия мүшелері құрылсын:

Е.М.Шайқы – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Г.К.Унайбаева – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі

Г.Адаева – директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Қ.Тайшиева – директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Н.Багитова – Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, комиссия мүшесі

Осы құрамдағы комиссия мүшелері болып, ата-ана өтініші негізінде қалалық білім бөлімінен ұсынылған 105 дана (нетбук) компьютерлік техникалық құралдарды әлеуметтік жағдайына қарай көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы, жартылай жетім отбасыларына үлестіруіміз қажет.

Сөйледі: Әлеуметтік педагог – Г.К.Унайбаева Жалпы мектеп бойынша 1 – 11 сыныптар арасында диагностикалық карта жүргізу барысында әр топтағы отбасылар санын анықтап шығардық. Оның ішінде:

Тұл жетім – 0

Қамқоршылықтағы бала - 0

Жартылай жетім:

Отбасы саны – 7, оның ішінде бала саны – 10

Толық емес отбасы (сәтсіз жаңұя):

Отбасы саны – 33, оның ішінде бала саны – 38

Аз қамтылған:

11.01 – 11.02.2021 жылы аралығында Республикалық «Қамқорлық» акциясы өткізілді. Акция барысында әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға шынайы қамқорлық көрсетулі мақсат еткен бір топ ұстаздар қауымы мұқтаж тұрғындарға көмек көрсетті. Атап айтсақ, көмекке мұқтаж ардагер ұстаздарымызды азық –түлікпен, мүгедек арбасымен қамтамасыз етіп, дәрі-дәрмекке қаржылай көмек көрсеттік.

Сонымен қатар Ж.Адаева есімді жаны жомарт жан мектебіміздегі әлеуметтік жағдайына байланысты көмекке мұқтаж балларды күздік сыртқы киіммен қамтамасыз етіп, тәттілермен қуантты. «Қамқорлық» акциясы кезінде әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды ескерусіз қалдырмаған демеушілерімізге және көмек қолын созған мектебіміздің бір топ мұғалімдеріне әкімшілік тарапынан мектеп басшысы

Бабаева Жеміс Сабырғалиқызы өз ризашылығын білдірді.

Жалпыға міндетті орта білім қоры қаржысынан наурыз айларында атаулы көмек алатын оқушылардың тізімі жасакталып, ата-ана өтініші негізінде көрсетілген өлшемдері бойынша әртүрлі киім түрлеріне сұраныс берілді. болатын. Сұраныс бойынша келген киім түрлерін атап айтсақ 24 дана спорттық киім,оның ішінде: 12 ұл/12 қыз балаға, 24 дана спорттық аяқ киім, оның ішінде 12 ұл/12 қыз балаға алынды. Барлық келген киім түрлері оқушыларға үйлесіміне қарай таратылып берілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша А.Бекмағанбетова Жалпыға міндетті орта білім қоры қаржысының игерілуі жөнінде хабарлама жасады.

Жалпы әлеуметтік жағдайы төмен жартылай жетім,толық емес отбасы, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына алынған заттардың түрлері туралы:

- 2021 жылдың 19 наурыз айында ИП Кибашева № 004 тауар құжаттамасы негізінде 291600 (екі жүз тоқсан бір мың алты жүз,00 тиын) қаражатқа қыз және ұл балдарға спорттық киім алынды.

тауар атауы	барлығы	бағасы	жалпы сомасы
Спорттық киім Ер балдар	12	12150,00	145 800,00
Спорттық киім Қыз балдар	12	12150,00	145 800,00
барлығы:		291 600,00	

- 2021 жылдың 20 наурыз айында ИП Саркулова № 002 тауар құжаттамасы негізінде 291576 (екі жүз тоқсан бір мың бес жүз жетпіс алты,00 тиын) қаражатқа қыз және ұл балдарға спорттық аяқ киім алынды.

тауар атауы	барлығы	бағасы	жалпы сомасы
Спорттық аяқ киім Ер балдар	12	12149,00	145788,00
Спорттық аяқ киім Қыз балдар	12	12149,00	145788,00
барлығы:		291 576,00	

Жарыссөздер: Г.Адаева -- осы мектептің ата-анасы ретінде оқушыларға үнемі уақытымен ,маусым бойынша киім таратылып отырады .Сонымен қатар соңғы кездері Қаулыға сәйкес оқу құралдарына дейін таратылуда.Мектепке демеушілік көмекпен келген заттар да комиссия шешімімен мұқтаж отбасы балдаларына таратылуда .Ата-ана ретінде ризамын.

М.Түсібадиева –жалпы мен Рембаза тұрғынымын .Балаларым осы мектепте жақсы білім алуда .Барлық білім алушыларға бөлінген қаражат максатты жұмсалуда деп ойлаймын.

Мен мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Н.Бағитова жоғарыдағы күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді тыңдай келе , оқушылар үшін ұйымдастырылған айқымды шарларды жақсы деп бағалаймын.

Қаулы етеді:

Республикалық қамқорлық акциясының орындалысы мен жалпыға міндетті орта білім қоры қаржысының игерілуі қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Н.Бағитова

Хатшы:  Е.М.Шайқы

**№ 33 Қ.Қайсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп бойынша
«Қамқоршылық кеңесі» кезекті отырысының**

№5хаттамасы

Өткізілген күні: 05.05.2021 ж

Қатысқандар:

Мектеп директоры: Ж.С.Бапаева

Оқу ісінің меңгерушісі: Қ.Т.Туманшьева

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Е.М.Шайқы

Әлеуметтік педагог: Г.К.Унайбаева

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы – Н.Бағитова

- Қамқоршылық кеңес мүшелері
- М.Тусибаиева
- М.Төлешов
- Г.Адаева
- Р.Сапарова
- Ш.Бисалиева
- А.Бағитов
- Н.Исалиева
- М.Зинелгабитов

Күн тәртібінде:

1. Республикалық қамқорлық акциясының орындалысы туралы
2. Жалпыға міндетті орта білім қоры қаржысының игерілуі

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Әлеуметтік педагог К.Унайбаева сөз алды. 11.01 – 11.02.2021 жылы аралығында Республикалық «Қамқорлық» акциясы өткізілді. Қайырымдылық – ізгіліктің көрінісі. Ол көмекті қажет етушілерге білдірілетін сүйіспеншілік пен қол ұшын беру болып табылады. Қайырымдылық жасау үшін асып-тасып бай болу керек емес. Ең бастысы мейірімді жүрегің мен таза ниетің болса жеткілікті. Кез келген қиын жағдайда адам баласы әр түрлі бағытта көмек қолын соза алады. Біреулер жаны жабырқау жүргендерді жұбата отырып күлкі сыйласа, екіншілері қиын сәтте қол ұшын беріп, көмек жасайды. Бүгінде сондай игі істер, түрлі акциялар мен жобаларды қолдан, қайырымдылықты өмірлік мақсат еткен жомарт жандардың саны жылдан-жылға артып келеді. Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды.

Республикалық «Қамқорлық» акциясы дәстүрлі түрде өз жалғасын тауып келеді. Акцияның басты мақсаты балаларды орта біліммен толық қамтылуына жағдай туғызу. Бұл акцияның мақсаты – әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету. Маңызды міндетіміз қамқорлық жасау. Қайырымдылық дегеніміз - өзіңдегі бар жақсылықты, бақытты өзгемен шынайы әрі риясыз көңілмен бөлісе алу деп ойлаймын. Ол материалдық немесе моральдық тұрғыда болсын, бастысы шын ниетпен жасалынған әрбір қайырлы амалды қайырымдылық деп білеміз. Біздің ойымызша, бұл игі іс қайтарымсыз негізде көрсетілетін көмекке мұқтаж жандардың қажетін өтеудегі ізгіліктің нақты көрінісі болып табылады.